

**ҒАЛЫМ, АРХЕОЛОГ, ӘРІПТЕС, ДОС ӘРІ ҰСТАЗҒА...****© 2021 ж. Төлегенов Абылай Көпбергенұлы<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>кіші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,  
Алматы қ., Қазақстан. E-mail: abylai\_24\_12\_94@mail.ru

**Аннотация.** Мақалада Қазақстан және Орталық Азия археологиясына баға жетпес үлес қосқан археолог Нұржанов Арнабай Әбішұлының ғылыми мұрасы; Ұлы Жібек жолындағы Қазақстанның ортағасырлық қалаларының тарихын зерттеуі; Ұлы даладағы урбандалу процестері; археология ескерткіштерін сақтаудағы еңбегі қарастырылады. Арнабай Нұржанов өзіндік эрудициясымен және көзқарастарының кеңдігімен ерекшеленді және белсенді өмірлік ұстанымы бар адам болды. Ол Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі ірі экспедициялардың далалық зерттеулерінің жетекшісі болды. А. Нұржановтың ғылыми қызығушылық шеңбері өте кең және алуан түрлі: номадизм, урбандалудың генезисі мен даму мәселелері; Жетісудың ортағасырлық қалалық мәдениетінің ерекше және жалпыға ортақ сипаттамаларының эволюциясы; тарихи география; Еуразия мемлекеттерімен саяси, экономикалық және мәдени байланыстар аспектісінде Ұлы Жібек жолын зерттеу мәселелері, сондай-ақ археологияның басым бағыттары. А. Нұржановтың далалық археологиялық қазба жұмыстарының ішінде ортағасырлық Құлан қаласынан табылған VIII–X ғғ. жататын сарай кешенінің ашылуы үлкен ғылыми жаңалық болды. Археологтың Төменгі Барсханның цитаделі мен қорымын, Меркі, Аспара және Қастек қалаларын қазуы да елеулі табыспен есте қалды. Ғалымның еңбектері болашақ археологиясы үшін үлкен мұра және қомақты ғылыми негіз болып табылады.

**Түйін сөздер:** археология, А.Ә. Нұржанов, зерттеуші, өркениет, Ұлы Жібек жолы, археологиялық экспедиция

**УЧЕНОМУ, АРХЕОЛОГУ, КОЛЛЕГЕ, ДРУГУ, УЧИТЕЛЮ...****Төлегенов Абылай Көпбергенұлы<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>младший научный сотрудник, Институт археологии им. А.Х. Марғұлана, г. Алматы,  
Казахстан. E-mail: abylai\_24\_12\_94@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассматривается научное наследие археолога Нуржанова Арнабая Абишевича, который внес неоценимый вклад в развитие археологии Казахстана и Центральной Азии; изучение истории средневековых городов Казахстана на Великом Шелковом пути; урбанизационных процессов в Великой степи; сохранение памятников археологии. Арнабай Абишевич Нуржанов отличался эрудированностью и широтой взглядов, был человеком с твердым характером и активной жизненной позицией. Он являлся руководителем полевых исследований крупных экспедиций в Казахстане и за его пределами. Круг научных интересов А.А. Нуржанова широк и разнообразен: вопросы генезиса и развития номадизма и урбанизации; эволюция специфических и всеобщих характеристик средневековой городской культуры Жетысу; исторической географии; проблемы изучения Великого Шелкового пути в аспекте политических, экономических и культурных связей с государствами Евразии, а также приоритетные направления археологии. Большим достижением в археологии А.А. Нуржанов считал открытие дворцового комплекса на городище Кулан с уникальными терракотами и рез-

ными сырцовыми кирпичами VIII–X вв. Значительным успехом также ознаменовались раскопки цитадели и некрополя Нижнего Барсхана, городищ Мерки, Аспара и Кастек. Труды ученого представляют собой большое наследие и солидный научный задел для археологии будущего.

**Ключевые слова:** археология, А.А. Нуржанов, исследователь, цивилизация, Великий Шелковый путь, археологическая экспедиция

## TO A SCIENTIST, AN ARCHAEOLOGIST, A COLLEAGUE, A FRIEND, A TEACHER...

Abylay Tolegenov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Junior researcher, A.Kh. Margulan Archeology Institute, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: abylai\_24\_12\_94@mail.ru

**Abstract.** The article examines the scientific heritage of the archaeologist Nurzhanov Arnabai, who made an invaluable contribution to the development of archaeology of Kazakhstan and Central Asia; the study of the history of medieval cities of Kazakhstan on the Great Silk Road; urbanization processes in the Great Steppe; the preservation of archaeological monuments. Arnabai Nurzhanov was distinguished by erudition and breadth of views, was a man with a firm character and an active life position. He was the head of field research of large expeditions in Kazakhstan and abroad. The circle of scientific interests of A. Nurzhanov is very broad and diverse: issues of the genesis and development of nomadism and urbanization; the evolution of specific and universal characteristics of the medieval urban culture of Jetysu; historical geography; problems of studying the Great Silk Road in the aspect of political, economic and cultural ties with the states of Eurasia, as well as priority areas of archaeology. A. Nurzhanov considered the opening of the palace complex on the Kulan settlement with unique terracotta and carved mud bricks of the VIII–X centuries to be a great achievement in archaeology. The excavations of the citadel and necropolis of Lower Barskhan, the settlements of Merki, Aspara and Kastek were also marked by significant success. The scientist's works represent a great heritage and a solid scientific foundation for the archaeology of the future.

**Keywords:** archaeology, A. Nurzhanov, researcher, civilization, the Great Silk Road, archaeological expedition

Нұржанов Арнабай Әбішұлы – Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, археолог. 1957 жылы 12-маусымда Жамбыл облысы Луговой ауданы Подгорное (қазіргі Тұрар Рысқұлов ауданы Алғабас ауылы) ауылында дүниеге келген.

1978 жылы ҚазПИ-дің (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) тарих факультетін бітіріп, 1978–1980 жылдары Кеңес армиясы қатарында Ауғанстанда әскери борышын өтеді. Елге оралған соң қоғамдық-

ұйымдастырушылық қызметке араласып, 1980–1984 жылдары Алматы қаласындағы Алатау аудандық комсомол комитетінің хатшысы, 1984–1988 жылдары Алматы қалалық № 7 арнайы мектептің директоры қызметінде абыройлы еңбек етті.

А. Нұржанов қоғамдық-ұйымдастырушылық қызметтен бөлек, ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтерді де қатар алып жүрді. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтындағы ғылыми қызметін 1988 жылы қатардағы



*А.А. Нұржанов, 2006 ж.  
Фото О.В. Беляловтікі*

*A. Nurzhanov, 2006.  
Photo by O.V. Belyalov*

ғылыми қызметкерден бастады, одан кейін жетекші ғылыми қызметкер және бас ғылыми қызметкер дәрежесіне дейін көтерілді. 2020 ж. «Ортағасырлық урбанизация» бөлімі меңгерушісі болды.

Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының мүшесі ретінде археологиялық барлау және қазба жұмыстарын жүргізіп, зерттеу нәтижелерін ғылыми айналымға енгізуде үлкен еңбек етті.

1989–1991 жылдары – Қазақстан-Америка, 1991–1993 жылдары Қазақстан-француз халықаралық археологиялық экспедицияларының топ жетекшісі, 1989–1991 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» кешкенді археологиялық экспедициясының отряд бастығы, 2007 жылдан ба-

стап «Жетісу» археологиялық экспедициясының басшысы болды.

1992 жылы К.М. Байпақовпен бірге «Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан» атты монографиясы жарық көрді. Еңбекте Ұлы Жібек жолының Қазақстанның дамуына қосқан үлесі талданған [Байпақов, Нұржанов, 1992].

Арнабай Әбішұлы ғылыми жұмыспен қатар Абай атындағы ҚазҰПУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде, Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында арнайы пәндерден дәріс оқыды. Сонымен қатар студенттерді далалық археологиялық тәжірибеден өткізу барысында ортағасырлық Қастек, Талғар, Құлан, Тараз, Меркі қалалық мәдениетін зерттеді.

Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде жинақталған жәдігерлерді еліміздегі музейлерге тапсырып, олармен тығыз байланыста ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. 2017 ж. Алматы музейінде «Ортағасырлық Қастек қаласы» бөлімін ашып, қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлерді музей қорына өткізді.

Археолог А. Нұржанов Қазақстан мен Орталық Азияның урбанизациясы, Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалаларды зерттеу бағытында табысты жұмыстар жүргізді. Далалық археологиялық қазба жұмыстарының ішінде ортағасырлық Құлан қаласынан табылған VIII–X ғғ. жататын сарай кешенінің ашылуы үлкен ғылыми жаңалық болды [Нуржанов, 2011]. Бұл ашылу туралы Арнабай Әбішұлы: «Алты жүз жылдық тарихы бар бұл сарай менің өмірімдегі басты

жаңалықтың бірі болды. Оның жалпы ауданы 200 шаршы метрден асады, 54 бөлме, үш кіреберіс, екі аула және бассейн. Сарайдан біз терракоталық адам фигураларын таптық, олар арқылы біз сол кездегі бас киімдер мен киімдер туралы түсінік алдық және сол арқылы біз үйлердің қалай безендірілгенін білеміз» деп жазды\* (\*аудармасы автордыкі – ред.) [Нуржанов, 2003, с. 115].

2007–2009 жылдары Жамбыл облысындағы ортағасырлық Меркі қаласына қазба жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде О. Кузнецовамен бірігіп «Ортағасырлық Меркі (Мирки) қаласы» атты монографиясын 2009 жылы жарыққа шығарды. [Кузнецова, Нуржанов, 2009].

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының, кейіннен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қоғамдық өміріне белсене қатысты: бірнеше рет жергілікті Комитетке сайланды, Ғылыми кеңестің мүшесі болды. Ғылыми деңгейін көтеріп, аспирантураны аяқтады.

2010 жылы «Тараздан Аспараға дейінгі Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады [Нуржанов, 2010]. Осы жұмысында Ұлы Жібек жолының 14 тармағын тауып, зерттеп, ғылыми айналымға енгізді.

Арнабай Әбішұлының жетекшілігімен Жетісу археологиялық экспедициясы 2011–2020 жылдары ортағасырлық Қастек қаласына кешенді түрде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба барысында қалалық материалдық мәдениеттің

үлкен бір бөлігі анықталып, суландыру жүйесі, қолөнер кәсіпшілігі, оның ішінде құмыра жасау, шыны өндірісі, метал өндеудің осы қалада болғандығын дәлелдеді. Қазба жұмыстары кезінде қыш құмыралар, тіс щеткасы, шыны бұйымдары және темірден жасалған еңбек және қару-жарақ заттары, ат әбзелдері, әшекейлер жинақталды [Нуржанов, 2015, с. 99]. «Ата-бабамыз 365 күн бойы көшіп жүрсе “Алтын адам” бұйымдары мен металдан жасалған медициналық құралдар қалай жасалар еді? Сондықтан, “Көшпенділер мемлекетіміз”, “көшпенділер еліміз” деген ұғымнан арылуымыз керек, бізде дамыған қалалық мәдениет болған»\* (\*аудармасы автордыкі – ред.) [Нуржанов, 2020, с. 225],- деп жазған ғалым өз мақаласында қазақ даласында дамыған отырықшы өркениеттің болғандығын дәлелдеп берді. Археологиялық қазба жұмыстары мен жазбаша деректер негізінде жасалған талдаулар нәтижесінде ортағасырлық қалалардың ұсақ тауар өндірісінің орталығы болғанын анықтады.

А. Нұржанов – Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аумағындағы өркениеттің өзара әрекеттестігі, Қазақстан, Орталық Азиядағы қалалық мәдениеттің даму тарихын зерттеу барысында көп еңбек етті. Отырар, Меркі, Тараз, Құлан, Аспара, Талғар, Қаялық, Төменгі Барсхан, Ақыртас, Өрнек, Қостөбе, Қастек қалаларына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, ортағасырлық Құлан, Өрнек, Қостөбе, Ақыртас, Ақтөбе, Баласағұн қалаларын ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар тізіміне енгізуде көп еңбек етті. Ол барлық археологтар сияқты 2014 ж. ортасында Қазақстанның сегіз ескерткішін ЮНЕСКО-ның

Дүниежүзілік Мәдени мұра тізіміне бірден енгізілгеніне қуанды.

Ғалымның ғылыми қызығушылықтары өте кең және алуан түрлі еді. Олар: номадизм, урбанизация генезисі мен дамуы, оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның ортағасырлық қалалық мәдениетінің, Іле Алатауы ескерткіштерінің ерекше және жалпыға ортақ сипаттамаларының эволюциясы, тарихи география мәселелері, Еуразия мемлекеттерімен саяси, экономикалық және мәдени байланыстар аспектісінде Ұлы Жібек жолының мәселелері, сондай-ақ археологияның басым бағыттары болатын.

2020 ж. Алматы қаласында орналасқан «Таугүл-3» қорғанында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба жұмыстары барысында шырақтар, құрбандық қыштары, сақ-ерте үйсін кезеңіне жататын қыш ыдыстар табылды. А. Нұржанов қорғанға тек археологиялық тұрғыдан қазба жұмыстарын жүргізумен қатар, қорғанды сақтап, ашық аспан астындағы музей ашуды мақсат етті.

2021–2023 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру бағдарламасы бойынша «Алтын Орда дәуіріндегі кейінгі ортағасырлық қалалық мәдениет. Шаруашылық (Кинчат) және Аспара (XIII–XVI ғғ.) қалаларындағы археологиялық зерттеулер мен ізденістер» атты жобаны жеңіп алып, осы жоба шеңберінде Шаруашылық (Кинчат) және Аспара сияқты кейінгі орта ғасырлық қалалардың урбанистік ландшафтының және Алтын Орданың көшпелі мәдениетінің өзара әрекеттесуі бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді баптап кеткен еді.

А. Нұржанов археологиялық-тарихи ескерткіштерге шыннайы жанашырлықпен қарады. Қазақстанның барлық телеарналарында, әсіресе, «Qazaqstan», «Первый канал Евразия», «Almaty TV», «Хабар ТАҰМ», «Хабар 24», «31 арна», «Kazakh TV», «Таң» телеарналарымен үнемі байланыста болып, еліміздегі археологиялық-тарихи ескерткіштерді сақтау, қорғау мәселерін шешу барысында батыл қадамдар жасады. Еліміздегі археологиялық ескерткіштерді қорғау мен сақтау мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе «Заң», «Egemen Qazaqstan», «Ана тілі», «Айқын», «Руханият», «Казахстанская правда», «Пульс Карасая», «Караван» газеттеріне берген сұхбаттарында, басылым беттеріндегі мақалаларында тарихи-археологиялық ескерткіштерді бұзылудан сақтау, қорғау және қалпына келтіру мәселесін көтеріп, оның толық шешімін табу жолында күресті. 2010 жылы ЮНЕСКО қорғауындағы ескерткіш – ежелгі Талғар қалашығы аумағында заңсыз су құбырын салу жұмыстарын жүргізу барысында, ғалым өз әріптестерімен бірге экскаватор шөмішінің астына тұрып, өз өмірін қатерге тігіп жұмысты тоқтатты және қаланы қираудан аман алып қалды.

Арнабай Нұржановтың ғылыми зерттеу саласы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың ортағасырлық қалалары (фортификациялау, топография, оқшаулау және хронология), Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында отырықшы және қалалық мәдениеттің генезисі мен дамуы, сондай-ақ Қазақстанның ортағасырлық қалалық мәдениетінің ерекше және жалпыға ортақ

сипаттамаларының эволюциясы болды.

Арнабай Нұржановтың зерттеген ескерткіштер тізімінде Луговое қалашығы – Құлан қаласы, Қостөбе қалашығы – Жамуқат қаласы, Үрунг-Ардж қаласымен теңестірілген Қастек-1 қалашығы бар – барлық ескерткіштер Жамбыл облысында орналасқан және Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан. А. Нұржанов 10 жылдан астам уақыттың Қастек-1 қалашығын зерттеуге арнады [Савельева, 2021]. Қазақстанда, сондай-ақ бірнеше рет шетелде өткен: Ресей (Мәскеу, Қазан, Санкт-Петербург), Испания (Барселона), Түркменстан (Ашхабад), Украина (Киев), Түркия (Измир) халықаралық конференциялар мен кеңестерде ғылыми баяндамалар жасады. 170-тен астам ғылыми мақала мен бірнеше ғылыми монографияның авторы.

А. Нұржановтың отандық археология ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, ғылым мен білім саласының дамуына елеулі үлес қосып, педагогикалық

қызметте жеткен табыстары үшін Ә.Х. Марғұлан атындағы «Жас ғалымдар сыйлығының» лауреаты (1993 ж.); «Әл-Фараби» медалі (2017 ж.); «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне 90 жыл» мерекелік медалі; «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен (2019 ж.) марапатталған.

Халқымыздың ардақты ұлы, отыз жылдан астам уақыт бойы археология ғылымы аясында еңбек еткен Қазақстанның көрнекті ғалым-археологы Нұржанов Арнабай Әбішұлы 2021 жылдың 27 мамырында дүниеден өтті.

Арнабай Әбішұлы жас ғалымдарға білім беруде, тәрбиелеуде, ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу да аянбай қызмет етті. Ол ғылымда адалдығымен, кәсібилігімен, зерттеушілік талантымен және жеке харизмасымен ерекшеленді. Ғалымның қалдырған ғылыми мұрасы болашақта археология ғылымын дамытуда қолмақты із қалдыратыны сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТ

1. Байпақов К.М., Нұржанов А.Ә. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: «Қазақстан», 1992. 208 б.
2. Кузнецова О.В., Нұржанов А.А. Средневековый город Мерке (Мирки). Алматы: Мектеп, 2009. 128 с.
3. Нұржанов А.А. Терракотные персонажи из городища Кулан // Вестник КазНУ: Сер. историч. 2003. № 2 (29). С. 115-118.
4. Нұржанов А.А. Средневековые города на участке Великого Шелкового пути от Тараза до Аспары: автореф. дис. ... канд. ист. наук. Алматы, 2010. 26 с.
5. Нұржанов А.А. Архитектурный декор дворцового комплекса городище Кулан // III Оразбаевские чтения: м-лы междунар. науч.-практ. конф. Алматы: «Қазақ университеті», 2011. С. 136-140.
6. Нұржанов А.А. Исследования средневекового городища Кастека // Известия НАН РК. Серия. обществ. и гум. наук. 2015. № 6 (298). С. 99-109.

7. Нуржанов А.А. Средневековые города Казахстана: урбанистический ландшафт степной цивилизации // Культурные ландшафты городов Сибири (аксиология, история, практики): м-лы X Всерос. науч. симпозиума «Проблемы культуры городов России» (г. Омск, 30 сентября 2020 г.). Омск: Омский госуниверситет им. Ф.М. Достоевского, 2020. С. 225-238.

8. Савельева Т. Наследие ученого Арнабай Нуржанова // Официальный сайт газеты «Огни Алатау». 07.07.2021. URL: <https://ognialatau.kz/news/cat-6/14457/>

#### REFERENCES

1. Baipakov, K. M., Nurzhanov, A. A. 1992. *Uly Jibek joly jane ortagasyrlyk Kazakhstan ((The Great Silk Road and medieval Kazakhstan)*. Almaty: Kazakhstan (in Kazakh).

2. Kuznetsova, O. V., Nurzhanov, A. A. 2009. *Srednevekovyi gorod Merke (Mirki) (The medieval town of Merke (Mirki))*. Almaty: “Mektep” Publ. (in Russian).

3. Nurzhanov, A. A. 2003. In: *Al-Farabi Kazakh National University KazNU Bulletin History series*, 2 (29), 115-118 (in Russian).

4. Nurzhanov, A. A. 2010. *Srednevekovyye goroda na uchastke Velikogo Shelkovogo puti ot Taraza do Aspary (Medieval cities on the section of the Great Silk Road from Taraz to Aspara)*: thesis of the dis. ... Cand. historical sciences. Almaty (in Russian).

5. Nurzhanov, A. A. 2011. In: *Orazbayev reading III*. Almaty: “Kazakh University”, 136-140 (in Russian).

6. Nurzhanov, A. A. 2015. In *Izvestiya NAN RK: seriya obshchestvennyh i gumanitarnykh nauk (News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series. social sciences and humanities)*, 6 (298), 99-109 (in Russian).

7. Nurzhanov, A. A. 2020. In *Kulturnye landshafty gorodov Sibiri (aksiologiya, istoriya, praktiki) (Cultural landscapes of Siberian cities (axiology, history, practices))*. Omsk: F.M. Dostoyevsky Omsk State University, 225-238 (in Russian).

8. Savelyeva, T. 2021. In: *Ogni Alatau*. URL: <https://ognialatau.kz/news/cat-6/14457/> (in Russian).

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 27.07.2021.